



Евразийский Банк

Бекітілген
«Еуразиялық банк» АҚ
«Еуразиялық банк» АҚ
2018 жылғы «05» қаңтардағы
№ 1 хаттама

көшілікке орналастыру үшін

ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ІІ

 Евразийский Банк	ПР	-бет 2 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оның ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі-Азаматтық кодекс), "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы Заң), "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі-Дербес деректер туралы заң), "Шетелдік шоттарға салық салу туралы" (Foreign Account Tax Compliance Act – FATCA) АҚШ Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 136 қаулысымен бекітілген Банктік қызметтерді көрсету және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік қызметтерді көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау қағидаларына (бұдан әрі - Банктік қызметтерді көрсету ережесі), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына, "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі-Банк) ішкі құжаттарына, оның ішінде Банктің Жарғысына, [Ішкі нормативтік реттеу саясатына](#), [Ішкі нормативтік құжаттарды басқару жөніндегі нұсқаулыққа](#) сәйкес әзірленді.

1-бөлім ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. Банк операцияларын жүргізудің негізгі қағидаттары

1. Қағидалар Банк операцияларын жүргізудің негізгі қағидаттары мен шарттарын, Банк клиенттерімен жұмыс істеу тәртібін, Банктің және оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

2. Ереженің мақсаты Банк көрсететін қызметтерге/операцияларға, оның ішінде, Банкпен ерекше қатынастағы байланыстары бар тұлғалар үшін талаптар мен тарифтерді бекіту болып табылады.

3. Ереже ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық құпия болып табылмайды. Осы норма Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес коммерциялық құпия санатына жататын Банктің нақты операциялар жүргізу талаптарына қолданылмайды.

4. Ережеде Қазақстан Республикасының заңнамаларында және электрондық анықтамаларында қарастырылған негізгі түсініктер, сондай-ақ келесі түсініктер пайдаланылады:

1) омбудсман – ипотекалық қарыз шартынан туындайтын Банк пен қарыз алушы (жеке тұлға) арасындағы Банк пен қарыз алушы арасындағы мүдделердің заңмен қорғалуын және құқықтардың қанағаттандырылуы туралы келісімге қол жеткізу мақсатымен оның келуі бойынша келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өзінің қызметінде тәуелсіз жеке тұлға.

2) Қазақстан Республикасының уәкілетті органы – Банктің қаржы нарығындағы әрекетіне талаптарды анықтайтын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және басқа да мемлекеттік уәкілетті органдар.

3) Банктің уәкілетті органы – өзінің қызметін Банктің ІНҚ негізінде жүргізетін Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес Банктің Директорлар кеңесінің міндеттерін орындауға көмек көрсететін банктің алқалық органдары және/немесе жауапты тұлғалардың топтары.

5. Банк, оның уәкілетті органдары, басшы қызметкерлері банктік қызметті жүргізген кезде Қазақстан Республикасының заңнамаларының және Ережелердің талаптарын міндетті түрде сақтауы тиіс. Осы міндеттілік Қазақстан Республикасының заңнамаларында, Банктің қатысуымен мәмілелер жасау кезінде лауазымдық талаптар мен әрекеттерде анықталғандардың жасалуының қажеттілігіне және жауапкершілікке алып келеді.

6. Банк жеке және/немесе заңды тұлғалардың (бұдан әрі – клиент) бірінші талап етуі бойынша Ережені беруге міндетті және клиентке мүдделі операцияларды клиенттің жүргізуімен байланысты мүмкін болатын тәуекелдер туралы ақпаратты беруден бас тартуға құқылы емес.

7. Банктік және өзге де қызметтерді/операцияларды ұсыну түрлері, шарттары мен тәртібі, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және Банктің тиісті органы бекіткен ішкі құжаттарында айқындалады.

8. Банк пен оның клиенттерінің арасындағы қатынастар, егер Қазақстан Республикасының заңнамаларында өзгедей қарастырылмаса, онда шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

 Евразийский Банк	ПР	-бет3 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

9. Банк олардың банктік қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерін, пруденциалды нормативтерді және басқа нормалар мен талаптарды сақтауға және орындауға міндетті.

10. Банк банктік операцияларды оның (олардың) жүргізілуі кезінде Банктер туралы заңға сәйкес банктік құпияны қамтамасыз етуге міндетті.

11. Дербес деректер және оларды қорғау туралы Заңға сәйкес Банк клиенттердің дербес деректерін жинауды, өңдеуді және қорғауды жүргізеді.

12. Банк өзінің қызметі барысында Қазақстан Республикасының «Заңсыз жолмен келген табысты заңдастыруға («жылыстатуға») және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы тұру туралы» Заңының және қылмыстық жолмен келген табысты заңдастыруға («жылыстатуға») және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы тұру әрекеттері кезінде Банктің ІНҚ-ға сәйкес талаптарды сақтауға міндетті

13. Банк Қазақстан Республикасының «Заңсыз жолмен келген табысты заңдастыруға («жылыстатуға») және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы тұру туралы» Заңының және АҚШ «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» Заңына (Foreign Account Tax Compliance Act – FATCA), талаптарын Банктің орындауы мақсатында олардың клиентті сәйкестендіруі үшін қажетті құжаттарды немесе ақпараттарды бермеген жағдайда немесе Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес Банктің Клиенттің қылмыстық жолмен келген табысты заңдастыруға («жылыстатуға») және лаңкестікті қаржыландыруға қатысы бары туралы пайымдауға негізі болғанда клиентпен жасалған шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы.

13-1. Қазақстан Республикасының уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінде бекітілген нарықтық емес талаптарға, белгілерге мәмілелер жасауға рұқсат етілмейді¹, атап айтқанда:

1) мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру шеңберінде жүргізілгендерден басқа, келесі талаптардың біріне тиесілі мәмілелер:

– берілген банктік қарыздың сомасы қарыз алушының қаржылық жағдайына және (немесе) табыстарына (егер олар бар болса, қосарлас қарыз алушының есебімен), сонымен бірге кепілдік қамтамасыз ету құнына сәйкес келмейді;

– борышкердің сыйақыны төлеу және (немесе) оның банктік операциялар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша төлемнің мерзімін кейінге шегеруі бір жылдан асырылады;

– борышкерден өндірілетін пайыздық мөлшерлемелердің мөлшері баламалы банктік операциялар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелерден айтарлықтай төмен;

2) борышкерлердің міндеттері бойынша борышкердің қаржылық жағдайына және (немесе) табыстарына сәйкес келмейтін сомаға немесе борышкерге кері талап ету (регресс) құқығынсыз банктік кепілдік немесе кепілгерлік беру;

3) ірі акционерлердің және (немесе) банктің басшы қызметкерлерінің талаптарын мерзімінен бұрын қанағаттандыруға алып келетін мәмілелер;

4) мәміленің тараптары болып табылатын жеке немесе заңды тұлғаның банктің алдындағы өзіне алған қаржылық міндеттерінен толық немесе ішінара бас тартқан құқықтарын қарастыратын мәміле, талаптар.

Ереженің 13-1 тармағының 1) және 2) тармақшасының талаптары банктің мәмілелерінің мөлшерлері Банктің меншік капиталынан 1 (бір) және одан да астам пайызды құраған жағдайларға қолданылады.

2-тарау. Банк жүргізетін операциялар

14. Банк Банктер туралы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген лицензияның негізінде ұлттық және шетел валютасында операциялардың келесі түрлерін жүзеге асырады:

1) банктік операциялар:

– заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;


– жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;

– банктік операциялардың жекеленген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;

¹ «Жасалуы банкті төлемге қабілетсіз банктердің санатына жатқызу туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылатын нарықтық емес талаптармен мәмілелердің тізбесін бекіту туралы» ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 275 қаулысы

 Евразийский Банк	ПР	-бет4 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

- ішінде аталған тұлғаларға тиесілі тазартылған қымбат металдар мен қымбат металдардан жасалған монеталардың нақты саны көрсетілетін жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу;
 - кассалық операциялар: қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта есептеуді, сұрыптауды, буып-түюді және сақтауды қоса алғанда, қабылдау және беру;
 - аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау;
 - есепке алу операциялары: жеке және заңды тұлғалардың вексельдері мен өзге де борыштық міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
 - банктік қарыз операциялары: ақылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысанда кредиттер беру;
 - қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоса алғанда, шетел валютасымен айырбастау операциялары;
 - банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау;
 - инкассоға төлем құжаттарын қабылдау (вексельдерді қоспағанда);
 - аккредитив ашу (ұсыну) және растау, ол бойынша міндеттемелерді орындау;
 - ақшалай нысанда орындауды көздейтін банк кепілдіктерін беру;
 - ақшалай нысанда орындалуын қарастыратын үшінші тұлғалар үшін банктік кепілгерліктер мен өзге міндеттемелер беру;
- 2) өзге операциялар:
- құйма түріндегі тазартылған асыл металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобының металдары), асыл металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
 - құрамы асыл металдар мен асыл тастардан тұратын зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
 - вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлеушінің вексельге ақы төлеуі жөнінде қызмет көрсету, сондай-ақ домицилденген вексельдерге ақы төлеу, вексельдерді делдалдық тәртібімен акцептеу;
 - лизингілік қызметті жүзеге асыру;
 - меншіктік бағалы қағаз шығару (акциялардан басқа);
 - факторингтік операциялар жүргізу (тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төленбеген тәуекелді қабылдаумен төлемді талап ету құқығын сатып алу);
 - форфейтингтік операциялар (форфеттеу) жүргізу (сатушыға айналымсыз вексельдерді сату жолымен тауарларды(жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемелерін төлеу);
 - сенім білдірілген операциялар жүргізу (ақшаларды басқару, ипотекалық қарыздар және тазартылған құнды металдармен және сенім білдірілген тапсырмалар бойынша талап ету құқықтары);
 - сейфтік операциялар: сейф жәшіктерін, шкафтар мен үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, құжаттамалық нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметтер.
15. Қағидалардың 14-тармағында белгіленген операциялардан басқа, Банктер туралы Заңға сәйкес Банк мынадай қызмет түрлерімен айналысуға құқылы:
- Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес банктік операциялардың жекеленген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен банктердің қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
 - ақпаратты тасымалдаушылардың кез келген түрінде банктік қызмет мәселесі бойынша арнайы әдебиеттерді жүзеге асыру;
 - меншік мүлікті өткізу;
 - төлем карточкаларын шығару, өткізу, тарату және қызмет көрсету, саудалық-қызмет көрсету кәсіпорындарында төлем құралы ретінде карточкаларды қабылдау, банкоматтар мен POS-терминалдар арқылы қолма-қол ақша беру;
 - чектік кітапшаларды шығару, өткізу және тарату;
 - электрондық қызмет көрсету арналары (Интернет-банкинг, мобильді банкинг) арқылы банк қызметтерін ұсыну;

 Евразийский Банк	ПР	-бет5 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

- электрондық ақшаларды шығару, өткізу, сатып алу және өтеу, сондай-ақ электрондық ақшалармен операциялар жөніндегі ақпараттарды өңдеу және жинау бойынша қызметтерді ұсыну;
- кепіл мүлкін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүзеге асыру;
- қаржылық қызметпен байланысты мәселелер жөніндегі кеңес беру қызметтерін ұсыну;
- банк қызметіне байланысты мәселелер бойынша не облигацияларды ұстаушылардың өкілі ретінде басқа тұлғалардың мүдделерін білдіру;
- жабық электрондық сандық қол қою кілтіне қол қойылған ашық электрондық сандық қол қою кілтінің сәйкестігін куәландыру, сондай-ақ ақпараттандыру саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның болуы кезінде, Банктің клиенттеріне қатысты тіркеу куәлігінің шынайылығын растау;
- Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдары-резиденттерінің атынан сақтандыру шарттарын жасау, банк пен осындай сақтандыру ұйымдарының арасында тиісті шарт болған кезде.
- банкаралық клиринг (төлемдерді жинау, салыстырып тексеру, сұрыптау және растау, сонымен бірге қолардың өзара есебін жүргізу және клирингке қатысушылардың таза жайғасымын анықтау).

16. Банк брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті Қазақстан Республикасының заңнамаларына және Банктің ІНҚ-ға сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген лицензияның негізінде жүргізеді.

17. Банк Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған жағдайларда және тәртіпте банктік қызметтерді ұсыну үшін Қазақстан Республикасының уәкілетті органының келісімін алдын ала алуға міндетті.

18. Алынып тасталды.

3- тарау. Клиенттермен жұмыс жүргізу кезіндегі жалпы ереже

19. Клиент Банкке банктік қызмет/өнім алуға келгенде, Банк клиентке келесі ақпаратты ұсынады:

- Клиентте туындаған мәселелер бойынша кеңес беру;
- мөлшерлемелер мен тарифтер туралы;
- банктік қызметті ұсыну туралы өтініш бойынша шешім қабылдау мерзімдері туралы (өтініш беру қажеттігі кезінде)
- банктік қызметті ұсыну туралы шарт жасау үшін қажетті құжаттардың тізбелері мен банктік қызметті ұсыну талаптары туралы;
- банктік қызметті ұсыну туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда клиенттің ықтимал тәуекелдері мен жауапкершіліктері туралы;
- банктік қызметті ұсыну туралы шарттың үлгі нысанының көшірмесі (клиенттің сұрауы бойынша) және онымен танысу үшін уақыт.


20. Банк бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Банктің интернет-ресурсында тиісті хабарландыруды жариялау арқылы клиентке хабарлайды:

- Банкте көрсетілген банктік қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде оның уәкілетті органға немесе сотқа, банктік омбудсманға (ипотекалық қарыз бойынша) жүгіну құқықтары туралы (ипотекалық қарыздары бойынша);
- орналасқан орны, пошталық, электрондық мекенжайы және Банктің , банктік омбудсманның және Қазақстан Республикасының уәкілетті органының интернет-ресурстары туралы.

21. Банктік операцияларды (қызметтерді) ұсыну туралы шешімді қабылдаудың ең жоғары мерзімі клиенттерден құжаттардың толық топтамасын қабылдаған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды. Банктік қызметтерді (қарызды) ұсыну кезінде айтарлықтай күрделі және көлемді кредит беру жобалары бойынша шешімді қабылдаудың ең жоғары мерзімі клиенттерден құжаттардың толық топтамасын қабылдаған сәттен бастап 30 жұмыс күнін құрайды.

22. Банктік қызметтерді беру ережесіне сәйкес, Банк банктік қарыз шартына қызмет көрсету кезеңінде қарыз алушының сұрауы бойынша сұрау алған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде клиентке келесілер туралы мәліметтерді жазбаша нысанда беруге міндетті:

- 1) қарыз алушының Банкке төлеген ақшасының сомасы;
- 2) кезекті төлемдердің мөлшері мен мерзімі;
- 3) қарыз бойынша негізгі борыштың қалдығы;

 Евразийский Банк	ПР	-бет 6 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

- 4) мерзімі кешіктірілген берешектің мөлшері (бар болғанда);
- 5) кредит беру лимиті (бар болғанда).

4- тарау. Клиенттердің шағымдарын қарастыру тәртібі

23. Банктік қызметтерді көрсету процесінде түсетін клиенттердің шағымдарын Банк Шағымдарды қарастыру тәртібі туралы заңда, Банктік қызметтерді беру ережесінде және басқа да Банктің ІНҚ бекітілген тәртіпте және мерзімде қарастырады. Клиенттердің шағымдарын қабылдаудан бас тартуға рұқсат етілмейді

24. Клиенттердің шағымдарын Банк келесілерге бөледі:

- ауызша, телефон бойынша немесе Банктің клиенттері келген кезде тікелей түскендері (оның ішінде Банктің басшы қызметкеріне келген кезде);
- жазбаша, Банкке қолма-қол табысталған, поштамен, курьерлік ұйымдармен, электрондық пошта бойынша немесе Банктің WEB-сайты арқылы Интернет желісіне.

25. Банк телефон бойынша алған Клиенттің ауызша өтініші клиенттердің шағымдарын қарастыру тәртібінде реттелген Банктің ІНҚ бекіткен тәртіпте тіркелуі тиіс.

Клиенттерді қабылдауды осындай қабылдауға уәкілетті Банктің бас офисінің және Банктің филиалдарының қызметкерлері Банк Басқармасының төрағасы немесе тиісті Филиалдардың директорлары бекіткен қабылдау кестелеріне сәйкес жүргізеді.

26. Банк алған Клиенттің жазбаша шағымы (оның ішінде Банктің WEB-сайты арқылы Интернет желісінде) клиенттердің шағымдарын қарастыру тәртібінде реттелген, Банктің ІНҚ бекіткен тәртіпте тіркелуі тиіс.

Қажет болғанда (клиенттің өтінуі бойынша) Банк жазбаша шағым алғанын растайды.

27. Мәселенің мәнін қамтымайтын өтініштерді Банк қараусыз қалдырады, бұл туралы мүмкіндік болған жағдайда Өтініш берушіге тиісті хабарлама жіберіледі. Клиентті сәйкестендіруді жүзеге асыру мүмкін емес шағымдарды Банк қараусыз қалдырады, бұл туралы мүмкіндік болған жағдайда Өтініш берушіге тиісті хабарлама жіберіледі. Дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қатер туралы мәліметтер қамтылған және құқық қорғау органдарына дереу қайта жіберілуге жататын кез келген шағым қаралуы тиіс.

28. Банк алған клиенттің ауызша шағымы осы шағымға жауап бере отырып, кешіктірмей қарастырылады.

Егер Банк клиенттің ауызша шағымына кешіктірмей жауап бере алмаса, осы клиентке осы шағымды Банктің жазбаша шағым ретінде қарастыруы мақсаты үшін жазбаша түрде баяндау ұсынылады. Бұл ретте Банк осы клиентке жазбаша шағымдарды қарастыру рәсімдері мен мерзімі туралы және оларға жауап беру туралы хабарлайды.

29. Банктің жазбаша шағымдарды қарастыру мерзімі Банкке шағым түскен күннен бастап 3 (үш) күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімді құрайды. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше мерзім көзделмесе, шағымды қарау және жауап беру мерзімі шағым тіркелген күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

Шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы хабарлама шартта не клиенттің шағымында көрсетілген тәсілмен Банктің клиентіне жіберіледі.

30. Алынып тасталды


31. Клиенттің шағымына Банктің жазбаша жауабының мазмұны бойынша талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ІНҚ-да белгіленген.

2-бөлім ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. Банктік шоттарды ашу және жүргізу бойынша талаптар, салымдарды қабылдау

32. Банк мынадай банктік шоттарды ашады және жүргізеді:

- жеке және заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары;
- жеке және заңды тұлғалардың банктік салымдары;
- төлем картасын пайдаланумен клиенттің ағымдағы шоттары;

 Евразийский Банк	ПР	-бет7 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

– банктік операциялардың жекеленген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың корреспонденттік шоттары.

33. Клиенттерге банктік шоттар ашу, жүргізу және жабу тәртібі Банктің ІНҚ-ға сәйкес жүзеге асырылады.

34. Клиенттерге ашылатын банктік шоттардың саны [Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға \(жылыстатуға\) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында Ішкі бақылау қағидаларына](#) сәйкес шектелуі мүмкін.

35. Клиенттерден салымдарды қабылдауды Банк Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген лицензия негізінде жүзеге асырады.

36. Банк «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жеке тұлғалардың салымдарына (оның ішінде ЖК, ШҚ, ЖСО және т.б.) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушысы болып табылады.

37. Банк клиенттерден ақшаны ұлттық және шетел валютасында, қолма-қол ақшамен де, қолма-қол ақшасыз нысандарда да «талап етуге дейінгі» салымдарға, мерзімді, шартты, жинақ салымдарына орналастыра отырып қабылдайды.

38. Сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшері салымның түрі мен мерзіміне қарай сараланады. Салымды сақтау мерзімдері, сыйақы мөлшерлемесі, ЖТСМ, қосымша жарналарды қабылдау шарттары мен мүмкіндігі, ішінара алып қою және мерзімінен бұрын бұзу талаптары банктік салым шартының/қосылу шартының/банктік салымды (ағымдағы шотты) ашуға арналған оферта-өтініштің талаптарымен ескертіледі.

39. Банк банктік қызметтерді (операцияларды) көрсеткені үшін комиссиялар мен сыйақыларды Банк өз бетінше белгілейтін және Банктің тиісті уәкілетті органы бекітетін банктің тарифтері мен мөлшерлемелеріне сәйкес клиенттерден алады.

40. Салымдарды ашу бойынша негізгі талаптар:

– Банк қабылдайтын салымдардың ең төменгі мөлшері – 0 теңгеден/шетел валютасынан басталады;

– шартты салымдарды орналастырудың ең төменгі мерзімі – бір күннен басталады;

– талап етілгенге дейінгі салымдардың ең төменгі мөлшері мен мерзімі бекітілмейді;

– Банк қабылдайтын салымдардың ең жоғары мөлшері – егер Банктің тиісті уәкілетті органының шешімімен өзгесі белгіленбесе, Банктің меншікті капиталынан 10%;

– салымдарды орналастырудың ең жоғары мерзімі – 50 жыл;

– салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің шекті (ең төменгі) мөлшері жылдық 0%-ды құрайды, бұл жерде сыйақы мөлшерлемесінің шекті (ең төменгі) мөлшері шынайы, жылдық, тиімді, салыстырып есептегенде жылдық 0%-ды құрайды;

– ұлттық валютадағы және шетел валютасындағы жеке тұлғалардың (оның ішінде ЖК, ШҚ, ТЖК және т.б.) салымдары бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшері "Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры" АҚ (бұдан әрі – Қор) ұсынылатын ең жоғары жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемелеріне сәйкес белгіленеді.


– заңды тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшері жылдық 50% - ды құрайды, бұл ретте шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшері жылдық 63,2% құрайды;

– заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарындағы орташа айлық қалдықтар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің ең жоғары мөлшері жылдық 50% құрайды, бұл ретте шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшері жылдық 63,2% құрайды;

– заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарындағы орташа айлық қалдықтар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің ең төменгі мөлшері жылдық 0% құрайды, бұл ретте сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің ең төменгі мөлшері жылдық 0% құрайды.

– ағымдағы банктік шотта орналастырылған ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы төленбейді (осы ереже 2019 жылғы 01 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі). Осы ереже Банк ағымдағы шотта орналасқан ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу бойынша міндеттерді өзіне қабылдауына сәйкес Банк пен клиенттің арасында 2019 жылғы 01 қаңтарға дейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылмайды.

41. Заңды тұлғалардың салымдары бойынша, сондай-ақ заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарындағы орташа айлық қалдықтар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін Қағидаларда

 Евразийский Банк	ПР	-бет8 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

көзделген сыйақылар мөлшері шеңберінде Директорлар кеңесі бекіткен сыйақы мөлшерлемелері шегінде Банктің уәкілетті органы бекітеді.

Жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін (оның ішінде ЖК, ШҚ, ЖСО және т.б.) Банктің уәкілетті органдары өз құзыреті шегінде бекітеді және Қор белгілеген ең жоғары мөлшерден аспауға тиіс.

42. Салымның валютасына байланыссыз, салымдардың барлық түрлері бойынша белгіленген мөлшерлеме сыйақысы бекітіледі. Банк салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесін, банктік салым шарттарында/банктік салым ашуға (ағымдағы шот) өтініш-офертада/қосылу шартында қарастырылған, салым мерзімін ұзарту жағдайларынан басқаларында, біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы емес¹⁻¹.

43. Банктің филиалдарына салымдар бойынша операцияларды филиал осындай операцияларды жасауға дайын болған кезде, Банк берген сенімхаттың негізінде жүргізу.

44. Банктің клиенттен салымды қабылдауы олардың арасында жасалған банктік салым шарттарында/қосылу шартында/ өтініш-офертада қарастырылған банктік салым ашуға шарттың негізінде барлық қабылдау, салымды жүргізу және беру талаптары бейнеленуінің негізінде жүргізіледі.

45. Салымдар бойынша операцияларды Банк мыналардың негізінде жүзеге асырады:

- салымшының тапсырмасы;
- Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес нотариалды куәландырылғанға теңестірілген немесе нотариалды куәландырылған сенімхаттың негізінде үшінші тұлғалардың талаптары;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшының акцептін талап етпейтін үшінші тұлғалардың талаптары;

- Егер ол Қазақстан Республикасының заңнамалары мен банктік қарыз шартының талаптарына қарсы келмесе, Банктің өкімі.

46. Банк салымдар бойынша сыйақы төлеуді салым талаптарына байланысты жүргізеді. Банктің салымдары бойынша сыйақыны есепке қосуды есептеу үшін шартты ай 30 күнтізбелік күнге тең және шартты жыл, егер шарттың талаптарында басқадай қарастырылмаса, 360 күнтізбелік күнге тең.

47. Салым банктік салым шартының қолданылу кезеңінің кез келген уақытында банктік салым шартын бұзу жолымен талап етілуі мүмкін. Салымшының мерзімді және шартты салымдар бойынша ақшаны мерзімінен бұрын кері қайтарып алған жағдайында, салымның сомасын Банк толық қайтарады, ал сыйақы сомасы, егер банктік салым шартында/қосылу шартында/ банктік салым ашуға (ағымдағы шот) өтініш-офертада өзгедей қарастырылмаса, салымдардың талап еткенге дейінгі мөлшерлемелері бойынша есептеледі және төленеді. Егер жинақтық салымды салымшы бекітілген мерзім аяқталғанға дейін талап еткен жағдайда, салым бойынша сыйақы Банкте банктік салым шартын/өтініш-офертаны бұзған сәтте қолданылатын «талап етілгенге дейін» салымының мөлшерлемесі бойынша бекітілген мөлшерде төленеді. Банк салымдарды қабылдауды тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде салым және есептелген сыйақы сомасы салым талаптарына сәйкес төленеді.

Банк салымшы салымдар бойынша банктік салым шарттарының/қосылу шартының /банктік салым ашуға (ағымдағы шот) өтініш-офертаның талаптарын орындамаған жағдайда ертеректе төлеген сыйақы мөлшерлемесін сыйақы мөлшерлемесін (салымның негізгі сомасынан ақша ұстау жолымен) қайтаруды талап етуге құқылы.

2-тарау. Қарыз операцияларын жүргізудің жалпы талаптары

49. Банктің қарыз операциялары [Кредит саясатына](#) сәйкес жүзеге асырылады.

50. Банк клиенттерге берілетін қарыз беру бойынша келесі шекті сомаларды белгілейді:

- берілетін қарыздың ең төменгі мөлшері кемінде 7 000 (жеті мың) теңгені не шетел валютасындағы баламалы соманы құрайды;

- төлем карталарын пайдаланумен шоттар бойынша берілетін қарыздардың төменгі мөлшері шектелмеген;

- берілетін қарыздың ең жоғары мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Банктің меншікті капиталының 25% мөлшеріндегі сомадан аспауға тиіс.

¹⁻¹ «Еуразиялық банк» АҚ банктік және өзге де қызметтерді көрсетудің стандартты талаптары (Қосылу шарты).

 Евразийский Банк	ПР	-бет9 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

51. Кредит беру мерзімі Банктің ІНҚ-ға сәйкес берілетін кредиттік өнімнің талаптарына байланысты анықталады.

52. 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге ұсынылатын қарыздар қысқа мерзімді кредиттерге жатады, 1 (бір) жылдан жоғары мерзімге берілетін қарыздар - ұзақ мерзімді кредиттерге жатады. Бұл ретте Банкте кредит берудің келесі жоғары мерзімдері белгіленеді:

- заңды тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша-20 жылдан аспайды;
- жеке тұлғаларға берілетін қарыздар (тұтынушылық қарыздар) бойынша-10 жылдан аспайды;
- ипотекалық қарыздар бойынша – 30 жылдан аспайды;
- Банк клиенттеріне берілетін қарыздар бойынша ең төменгі мерзім 1 күнтізбелік күнді құрайды.

53. Лизингтің мерзімі негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімінен 75%-дан жоғарыламауы тиіс. Лизингтің ең жоғары мерзімі - 7 жыл.

54. Кредиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін Банктің уәкілетті органдары өз құзыреті шегінде, осы Тарауда көзделген сыйақының шекті мөлшерлемелері шеңберінде, сұрау салынатын кредиттің тәуекел факторларына, қаржы нарығының жай-күйіне, кредиттік ресурстарға сұранысқа, трансферттік баға белгілеудің бекітілген мөлшерлемелерін ескере отырып, кредиттік операциялар бойынша Банктің қолайлы кірістілік нормасына байланысты белгілейді.

Әрбір кредиттік өтім бойынша сыйақы мөлшерлемелері кредиттік тәуекелге байланысты шешімдер қабылдау өкілеттіктерінің лимиттері бойынша Регламентке сәйкес белгіленеді.

55. Төлем кредиттік карталары бойынша сыйақының шекті мөлшерлемелері Қағидаларға №1 қосымшада белгіленген.


56. Банкте берілетін қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің мынадай ең төменгі мөлшері белгіленеді:

- заңды тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша: жылдық 5% – дан бастап сыйақы мөлшерлемесі, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 5%;
- Жеке тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша: негізгі борыш бойынша берешек қалдығына жылдық 0% - дан бастап, негізгі борыш бойынша берешек қалдығына жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 0,01%;
- Банктің маржасының ақшасы түрінде қамтамасыз етуді қабылдау кезінде клиенттерге берілетін қарыздар бойынша - жылдық 0%, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 0% ;
- Директорлар кеңесі бекіткен кепілдіктер бойынша мөлшерлемелер мен тарифтерге сәйкес, кепілдіктер мен олар бойынша қамтамасыз етудің түрлеріне байланысты;
- орындалған Банктің аккредитивтері бойынша – кредиттік операциялар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінен төмен емес;
- лизингілік операциялар бойынша: сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 16%, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 16%.

57. Банкте берілетін қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің келесі ең жоғары мөлшерлері белгіленеді:

- заңды тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша – жылдық 36%-ға дейін.
- Жеке тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша – банктік кепілсіз қарыздар бойынша жылдық 56% - ға дейін; кепілмен қамтамасыз етілген банктік қарыздар бойынша 40% - ға дейін; ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша 25% - ға дейін Қазақстан Республикасының уәкілетті органы белгілеген шектеуді ескере отырып, қарыз шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда,² қарыз шартын жасасу күніндегі қарыз сомасына немесе негізгі борыштың қалдығына;
- Банктің маржасының ақшасы түрінде қамтамасыз етуді қабылдау кезінде жеке тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша – Қазақстан Республикасының Уәкілетті органы бекіткен шектеу есебімен жылдық 10%-ға дейінгі мөлшерде белгіленеді;
- қамтамасыз етуді ақша түрінде қабылдаған кезде заңды тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша Банктің маржасы жылдық 10% – ға дейінгі мөлшерде белгіленеді.

² Қарыздар бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті (ең жоғары) мөлшерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді

 Евразийский Банк	ПР	-бет10 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

58. Жеке тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелері тіркелген және өзгермелі болуы мүмкін.

Өзгермелі сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі мен қолданылу шарттары Қазақстан Республикасы³ Уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

59. Банк заңды тұлғалармен банктік қарыз шартын жасасу күніне белгіленген сыйақы мөлшерлемесін біржақты тәртіппен ұлғайту жағына өзгертуге құқылы:

- банктік қарыз/келісім шартында көзделген жағдайларда қарыз алушының қарыз алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты дұрыс ақпарат беру жөніндегі өз міндеттемелерін бұзуы кезінде;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында және банктік қарыз шартында/Келісімде көзделген жағдайларда Банктің міндеттемені мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығы туындаған жағдайда;

- Банкті алдын ала жазбаша хабардар етпей, жиынтығында акционерлік қоғам (шаруашылық серіктестік) акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленетін қарыз алушының қатысушыларының (акционерлерінің) құрамын өзгерту кезінде;

- қарыз алушының және/немесе кепіл берушінің кепіл ұстаушы болып табылатын Банктің құқықтарын бұзуы кезінде, кепілге берілген мүліктің сақталу талабын және жағдайын, мөлшерін, нақтылы болуы мен құжаттар бойынша, сонымен бірге қарыз алушының (кепіл берушінің) мүлкіне, оның ішінде Банкке кепілге қойылған мүлікке үшінші тұлғалардың ұсынған талаптары дерегі.

60. Жеке тұлғаларға берілген қарыздар, оның ішінде ипотекалық қарыздар бойынша, белгіленген сыйақы мөлшерлемесі, тараптардың келісімі бойынша, келесі тарапқа өзгеруі мүмкін:

- шарттың қолданылу мерзімінің ішінде қалқымалы сыйақы мөлшерлемесіне не азаюына;

- шартта анықталған оның қолданылу мерзімінің аяқталуы бойынша, бірақ банктік қарыз шартын жасаған күннен бастап үш жылдан ерте емес уақытқа жоғарылауы. Белгіленген сыйақы мөлшерлемесін ұлғайту жағына қарай әрбір кейінгі өзгеруі тараптардың келісімі бойынша белгіленген сыйақы мөлшерлемесінің қолданылу мерзімі өткеннен кейін, бірақ белгіленген сыйақы мөлшерлемесінің алдыңғы өзгерген күннен бастап үш жылдан ерте емес уақытта мүмкін болады.


Белгіленген сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасының «Банктер мен банктік қызмет туралы» Заңында бекітілген тәртіпте жасалған азаюы жағына немесе Банктің азаюы жағына уақытша өзгеруіне оның өзгеруінен басқа жағдайларда, біржақты тәртіпте өзгертілмеуі тиіс. Сыйақы мөлшерлемесін кеміту жағына қарай уақытша өзгерту деп Банктің сыйақы мөлшерлемесін белгілі бір мерзімге өзгертуі айтылады, ол мерзім аяқталғанда сыйақы мөлшерлемесі уақытша өзгертілгенге дейін қолданыста болған сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерінен аспайтын мөлшерде белгіленеді.

Банк банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен кезде, Бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей клиентті банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы және клиенттің өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен хабардар етеді. Банктік қарыз шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы хабарламада клиент үшін банктік қарыз шарты бойынша берешектің мөлшері туралы қысқаша ақпарат (негізгі борыш, сыйақы, комиссия, тұрақсыздық айыбы және айыппұл санкцияларының өзге де түрлері, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомалар көрсетілген) қамтылады. Осы тармақта көрсетілген хабарламадан туындайтын талаптар қанағаттандырылмаған жағдайда Банк клиентке Банктер туралы Заңның 36-бабында көзделген шараларды қолданады. Қарыз алушыны хабардар ету үшін Банктің коллекторлық агенттіктер тізіліміне (коллекторлық агенттік) енгізілген коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаны тартуына жол беріледі.

62. Бұрын берілген қарыздар және басқа да кредиттік құралдар (кепілдіктер, аккредитивтер) бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзгерту кредиттік өнімнің/құралдың және банктік қарыз шартының/келісімнің талаптарын негізге ала отырып, Банктің уәкілетті органының/Басқармасының немесе Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

63. Қарыз алушының кредиттік досьесін қалыптастыру үшін қажетті құжаттардың тізілімі Банктің кредиттік қызметін реттейтін Банктің ІНҚ-та анықталған.

³ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 119 қаулысымен бекітілген сыйақының өзгермелі мөлшерлемесін есептеу қағидалары, қолданылу шарттары.

 Евразийский Банк	ПР	-бет11 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

64. Банктік қарыз шартында/келісімде Қазақстан Республикасы Уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес есептелген жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі.

65. Қарыз бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен мерзімдері қарыз шарттарына сүйене отырып, банктік қарыз шартында/келісімде белгіленеді. Жеке тұлғалар үшін банктік қарыз шартында/келісімде қарыз алушының таңдауы бойынша қарызды өтеу әдісі көрсетіледі, оған өтеу әдісін таңдау үшін қарызды өтеу кестесінің жобасы жіктелген төлеммен, аннуитетті төлем немесе басқа әдістермен банктік қарыз шарты/келісім жасалғанға дейін тәсілдермен есептеліп ұсынылады.

66. Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғамен банктік қарыз шартын жасағанға дейін Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген тәртіпке сәйкес қарыз бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде комиссиялар мен өзге төлемдерді өндіру қарастырылмағанда, Банк жеке тұлғаға сонымен бірге сыйақының, комиссиялардың және Банктің құқығын қарастыратын кредит беру талаптары, басқа қарыз берумен және қызмет көрсетумен байланысты және банктік қарыз шартында/келісімде қарастырылған төлемдермен бірге кредит беру талаптарына таңдау беруге міндетті.

Банк банктік қарыз шартында/келісімдерде комиссиялар мен өзге төлемдердің, сонымен бірге қарыз берумен және қызмет көрсетумен байланысты олардың мөлшерлерінің толық тізімдемесін көрсетуге міндетті және жасалған банктік қарыз шартының/келісімдердің шеңберінде Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылмаған комиссиялар мен өзге төлемдердің жана түрлерін біржақты тәртіпте енгізуге құқылы емес.

67. Банк банктік қарыз шартының талаптарын, қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағдайларынан басқаларда, біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы емес.

Осы тармақтың мақсаттары үшін банктік қарыз шартының/келісімнің талаптарын жақсарту деп келісілер түсініледі:

- банктік қарыз шартына/келісімге қызмет көрсетумен байланысты қызметтерді көрсеткені үшін комиссияларды және басқа төлемдерді азайту жағына өзгерту немесе толық алып тастау;
- тұрақсыздық айыппұлдарын (айыппұл, өсімпұл) азайту жағына өзгерту немесе толық алып тастау;
- банктік қарыз шарты/келісім бойынша сыйақы мөлшерлемелерін азаю жағына өзгерту;
- банктік қарыз шарты/келісім бойынша төлемдердің мерзімін кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу.

Банктік қарыз шартында/келісімде қарыз алушы үшін талаптарды жақсартатын қосымша тізімдеме қарастырылуы мүмкін. Банк жақсартатын талаптарды қолданған жағдайда қарыз алушыға банктік қарыз шартында/келісімде көзделген тәртіппен банктік қарыз шартының/келісімнің талаптарының өзгергені туралы хабарланады. Қарыз алушы хабарлама алған күннен бастап он төрт күнтізбелік күннің ішінде банктік қарыз шартында/келісімде қарастырылған тәртіпте банк ұсынған жақсартушы жағдайлардан бас тартуға құқылы. Қарыз алушы келіскен жағдайда, егер басқасы Шартта көзделмесе, банктік қарыз шартына/келісімге қосымша келісім жасалады.

68. Банктің клиентпен жасалған, оны Банктер туралы Заңға сәйкес кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып теңгемен берілген банктік қарыз шарты бойынша клиенттің міндеттемелері мен төлемдерін индексстеуіне тыйым салынады.

69. Банк қарызды мерзімінен бұрын өтеуге тұрақсыздық айыппұлын/комиссия немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлерін қарызды алған күннен бастап 14 күнтізбелік күннің ішінде және келесілерден кейін төлетуге құқылы емес:

- 1 (бір) жыл мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 6 (алты) айда;
- 1 (бір) жылдан жоғары мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылда.

70. Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алуға қарыз алған жеке тұлға, егер банктік қарыз шартында басқадай қарастырылмаса, шарт жасаған күннен кейін 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде қарызды ұсынған күннен Банк есептеген сыйақыны төлеумен, қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыппұлын немесе басқа айыппұл санкциялары түріндегілерді төлемей қарызды қайтаруға құқылы.

71. Банктің беретін қарыздарын қайтару бойынша міндеттемелерді орындау және олар бойынша сыйақылар төлеу Азаматтық Кодексте анықталған қарыз алушының немесе үшінші тұлғалардың (бұдан әрі - кепілдік берушінің) мүліктерінің (активтерінің) кепілінде келесілер қамтамасыз етілуі мүмкін, оның ішінде:

 Евразийский Банк	ПР	-бет12 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

- кепіл берушінің Банкте ашылған банктік жинақ шоттарында орналастырылған салымдары (депозиттері);
- жылжымалы мүлік (көлік құралы, өтімді тауар өнімі, құймадағы тазартылған құнды металдар, Қазақстан Республикасының заңнамаларында бекітілген құнды металдардан жасалған монеталар, бағалы қағаздар және басқа мүліктер);
- жылжымайтын мүлік (жер телімдері, сондай-ақ үймереттер, ғимараттар және басқа да мүліктер);
- Банктің, сенімділік рейтингі жоғары заңды немесе жеке тұлғаның кепілдіктерімен;
- жеке тұлғаның кепілгерлігі.

72. Қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде қабылданатын кепіл мүлкіне Банк мынадай талаптарды қояды:

- Банкке ұсынылатын кепіл кепіл берушінің меншігі болуы тиіс, бұл ретте Банкке кепілге берілетін мүлікке кепіл берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар ол туралы тіркеу органын, сондай-ақ кепіл заты қандай да бір ауыртпалықтан және үшінші тұлғаның наразылығынан бос екенін, тыйым салынбағанын жазбаша растау ұсынылады;

- кепіл мүлкі өтімді болуы тиіс. Банк қажет кезінде кепіл берушіден кепілге берілетін мүліктің нақты құны туралы аудиторлық қорытынды немесе тәуелсіз бағалаушы компаниядан оның бағалауын жүргізуді талап етуге құқылы;

- Банктің талап етуі бойынша, Кепіл берушінің кепілге қабылданатын мүлкін Кепіл беруші сақтандыруы тиіс (егер кепіл шартының қолданылуы мерзімінің ішінде кепілге салынған мүліктің бұзылу тәуекелі немесе жоғалуы бар болса). Мүлікті сақтандыру қажеттігі Банктің уәкілетті органының шешімімен және кредиттік өнімдерді беру талаптарымен анықталады.

73. Банк берілген қарыз бойынша кепілге қамтамасыз ету ретінде қабылдайтын мүліктердің түрлері мен тізілімі Банктің Кепіл саясатында анықталған.

74. Банктер туралы заңға сәйкес кепіл беруші/қарыз алушы сақтандыру ұйымын және/немесе бағалаушыны өзінің қарастыруы бойынша таңдауға құқылы.

75. Банк банктік қарыз шартының (шарттарының) жасалуы (жасалған) шеңберінде жаңа қарыздарды беруді біржақты тәртіпте тоқтатуға келесі жағдайларда құқылы:

1) Банкте банктік қарыз шартына/келісімге сәйкес жаңа қарыздарды ұсынуды жүзеге асырмау құқығы туындағанда;

2) банктік қарыз шарты/келісім бойынша, қарыз алушы Банк алдындағы өзінің міндеттемелерін бұзғанда;

3) Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес, Банк жүргізген мониторинг нәтижелері бойынша айқындалған, қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы;

4) банктік қарыз шартын, Банктің тиісті орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарының өзгеруі.

76. Банктік қарыз шартын жасау, лизингі, факторингі, форфейтингі, вексельдер есебі, кепілдіктерді, кепілгерлікті, аккредитивтерді шығару қарыз алушының/қосарлас қарыз алушының/клиенттің ол туралы мәліметтерді ұсынуға және мәміле жасауға жазбаша келісімінің болуы, сондай-ақ тараптардың өздерінің міндеттерін орындаумен байланысты Банктің кредиттік бюро деректерінің базасына ол туралы кредиттік есеп беру, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ІНҚ-қа сәйкес дербес деректерді жинау мен өңдеуге келісім берумен байланысты ақпараттарды ұсыну міндетті талаптар болып табылады.

3- тарау. Банктің және оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың өзараекіжақты жауапкершілігі

77. Банктің және оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың бір-бірінің алдындағы жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында және шарттарда (тараптардың келісімінде) анықталады.

78. Шарттарды (тараптардың келісімін) орындаумен байланысты туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі, ал тараптардың арасында келісімге қол

 Евразийский Банк	ПР	-бет13 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

жеткізілмеген жағдайда – Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген сот тәртібінде шешіледі.

79. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік құпияға қатысты ақпаратты жарияламау бойынша талаптарды сақтауға кепілдік береді.

80. Банкке клиенттен шағым түскен жағдайда, Банк банктік қызметтерді көрсету ережесі және Клиенттердің шағымдарын қарастыру тәртібі туралы заңға сәйкес түскен шағымды қабылдауға және қарастыруға міндетті.

81. Банк және оның клиенттері шарттың талаптарын сақтауға, оларға шарттың (тараптардың келісімі) талаптарында жүктелген міндеттерді орындауға міндетті.

82. Шарттарда (тараптардың келісімінде) қарастырылған міндеттерді орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін Банк және оның клиенттері Қазақстан Республикасының заңнамаларына және шарттарға (тараптардың келісіміне) сәйкес жауапкершілікте болады.

83. Шарттарда тараптардың жауапкершілігін алып тастайтын немесе шектейтін талаптар қарастырылуы мүмкін, мысалы, еңсерілмес күштердің жағдайы (форс-мажор), шарттың (тараптардың келісімі) тараптарына байланыссыз.

84. Ақша аударымдары мен төлемдерді тиісті жүргізбеген жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының заңнамаларына және клиентпен жасалған шарттарға (тараптардың келісіміне) сәйкес жауапкершілікте болады.

85. Алынып тасталды.

86. Банк клиенттің ақшасының клиенттің төлем құжатын қате ресімдегені үшін, соның нәтижесінде өз уақытында емес немесе қате есептен шығарылғанына және/немесе есеп айырысу құжаттарын өңдеуді белгіленген мерзімнен ұзақ кешіктіргені үшін жауапкершілікте болмайды.

87. Банк клиенттен телебайланыстық, пошталық, сонымен бірге басқа да жүргізілген операциялар бойынша нақтылы келтірілген шығындарға қосымша төлем ұстайды.

88. Банк клиенттің шотынан акцептісіз тәртіпте және клиенттің қосымша тапсыруынсыз қызметтер / операциялар жүргізген кезде комиссиялық сыйақы мен Банкке келтірген қосымша шығындарды ұстап қалуға құқылы.

4- тарау. Банк қызметтеріне (операцияларына) тарифтер

89. Банктік қызметтерді / операцияларды жүргізуге мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті мөлшерлерін Директорлар Кеңесі бекітеді. Олардың өзгеруі сонымен бірге Директорлар Кеңесінің құзіретіне жатады және Банктің басқа органдарына тапсырылуы мүмкін емес.

90. Банктік қызметтер/операциялар жүргізуге , оның ішінде Банкпен ерекше қатынастағы байланысты тұлғалар үшін базалық (стандарттық) мөлшерлемелер мен тарифтерді осыған тиісті уәкілетті жұмыс органдарының шешімдерімен осы Ережеде бекітілген тарифтердің/мөлшерлемелердің мөлшері жұмыс органдары (төменгі және жоғары) шектері аясында бекітіледі және оларды қайта қарастыру қажеттігі пайда болуы шаралары бойынша қайта қарастырылады.

91. Банктік қызметтер/операциялар жүргізуге жекеленген мөлшерлемелер мен тарифтер, Ереженің 94-тармағында қарастырылған жағдайлардан басқасында, өз құзыреті шегінде Банктің уәкілетті органдарының шешімдерімен, Ережеде бекітілген тарифтердің/мөлшерлемелердің шектері аясында бекітіледі:

- Банкпен ерекше қатынастағы байланысы жоқ тұлғалар үшін;
- Банкпен ерекше қатынастағы байланысы бар тұлғалар үшін, үлгі талаптары бойынша көрсетілген қызметтер берілген жағдайда, қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей: Банктің Директорлар кеңесі бекіткен типтік нысандар бойынша, Банктің уәкілетті органдарының шешімдерімен, Банктер туралы ҚР Заңының 40-бабының талаптарына сәйкес (егер баламалы талаптар Банкпен ерекше қатынасы жоқ 2-ден кем емес клиентке берілгенде)

92. Банкпен ерекше қатынастағы байланысы бар тұлғалар үшін Банктік қызметтер/операциялар жүргізуге жекеленген мөлшерлемелер мен тарифтер ҚР Банктер туралы Заңының 40-бабының талаптарына сәйкес (егер баламалы талаптар 2-ден кем емес Банкпен ерекше қатынастағы байланысы бар клиентке берілгенде) Директорлар Кеңесінің шешімімен келесідей бекітіледі:

- заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банктік салымдары, қарыздық, лизингілік, факторингтік операциялары, кепілдіктерді, кепілгерлікті, аккредитивтерді шығару бойынша операциялар;

 Евразийский Банк	ПР	-бет14 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

– басқа банктік қызметтер/операциялар бойынша, көрсетілген қызметтер типтік талаптар бойынша емес берілген жағдайда: Банктің Директорлар Кеңесі, Банктің уәкілетті органдарының шешімімен бекітілген шарттардың үлгі нысандарын қолданусыз.

93. Ережеде бекітілген шекті мөлшерлемелер мен тарифтердің аясынан шығатын банктік қызметтер/операциялар жүргізуге жекеленген мөлшерлемелер мен тарифтерді Банктің Директорлар Кеңесі бекітеді.

94. Банктік қызметтер/операциялар жүргізуге мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті мөлшерлері аясында, сонымен бірге Директорлар Кеңесі, Банктің уәкілетті органдары бекіткен депозиттер мен кредиттердің мөлшерлемелері бойынша олардың күзіретінің шегінде жекеленген клиенттерге (клиенттердің санаттарына) немесе жекеленген өнімдер бойынша жекеленген тарифтер бекітілуі мүмкін.

95. Бұл ретте Банкпен ерекше қатынасы бар тұлғалармен байланысты тұлғаларға жеңілдікті мөлшерлемелер мен тарифтер беруге тыйым салынған.

96. Егер клиент Банкпен ерекше қатынасы бар тұлғалармен байланысты болса, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Заңының 40-бабының талаптарына сәйкес (егер баламалы талаптар Банкпен ерекше қатынасы жоқ 2-ден кем емес клиентке берілгенде) Ережеде бекітілген банктік қызметтерді/операцияларды жүргізуге шекте мөлшерлемелер мен тарифтер аясында жеке талаптар беру мүмкіндігін анықтайды.

97. Банктің жауапты бөлімшесі Банкпен ерекше қатынасы барлығына клиенттерді тексергені үшін Банктің уәкілетті органдарына жекеленген мөлшерлемелер мен тарифтерді жіберген кезде және байланысы болған жағдайда жеңілдікті талаптарды беруге жол бермегені және қадағалағаны үшін жауапкершілікте болмайды.

98. Алынып тасталды.

99. Мөлшерлемелер мен тарифтер туралы өзекті ақпарат филиалдарда (олардың үй-жайларында) көруге және танысуға қолжетімді жерде, сондай-ақ Банктің Интернет желісіндегі WEB-сайтында қолданыстағы мөлшерлемелер мен тарифтерді бекіту және оларға өзгерістер енгізу күндері, ішкі құжаттардың нөмірлері және оларды бекіткен (қабылдаған) орган туралы мәліметтерді көрсете отырып орналастырылады.

Қазақ және орыс тілдеріндегі мәтін арасында алшақтық болған жағдайда Банк пен Клиент орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

100. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Банктің уәкілетті органының шешімінде және/немесе Банк пен Клиент арасында жасалған тиісті шартпен өзгеше көзделмесе, Банк клиенттерді банк қызметтерінің стандартты тарифтеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы оларды Интернет желісіндегі Банктің WEB-сайтында тиісті хабарлама қолданысқа енгізілген күнге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмейтін мерзімде орналастыру арқылы хабардар етеді.

Бұл ретте Банк көрсететін банк қызметтерін алудан бас тарту клиенттің құқығы болып табылады.

101. Банк қызметтерін/операцияларын жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары Қағидаларға №1 қосымшаларда белгіленген.

5- тарау. Банкпен ерекше қатынастағы байланыстары бар тұлғалармен мәміле

102. Банк өз қызметін жүзеге асыру кезінде банктер туралы Заңда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген байланыс белгілеріне сәйкес клиенттің Банкпен ерекше қатынастармен байланыстылығына тексеру жүргізеді.

Жеке немесе заңды тұлға ҚР уәкілетті органының дәлелді үкімі негізінде Банкпен ерекше қатынастармен байланысты деп танылуы мүмкін.

Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен мәміле жасау Банктер туралы Заңның талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады және мұндай мәмілелердің үлгілік талаптарын Банктің Директорлар Кеңесі бекіткен және үшінші тұлғалармен ұқсас мәмілелерге қолданылатын жағдайларды қоспағанда, оның барлық шарттарын қарау кезінде Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

103. Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелер жасасу кезінде Банктер туралы Заңға сәйкес жеңілдікті шарттар беруге тыйым салынады.

 Евразийский Банк	ПР	-бет15 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

Банкпен ерекше қатынастағы байланысы бар тұлғаларға, банктік конгломератқа қатысушылардан басқасына қамтамасыз етусіз (бланкілік қарыздар) қарыз беруге тыйым салынады. Банкпен ерекше қатынастағы байланысы бар тұлғаларға кредитордан қарыз алушының қарызын қайта қаржыландыруға тыйым салынады.

Банк Банктер туралы Заңда және Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген белгілерге сәйкес мәмілелердің/операциялардың жеңілдіктің бар-жоғын тексеруді жүзеге асырады.

103-1. Банк қарыз беру туралы шешім қабылдаған күнге ҚР уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мөлшерден аспайтын мөлшерде берілетін банктік қарыздарды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелеріне және банктің ірі қатысушыларына қарыздар беруге тыйым салынады.

104. Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мөлшерден аспайтын мөлшердегі қарыздарды қоспағанда, Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларға, сондай-ақ банк конгломератының қатысушылары болып табылатын тұлғаларға қарыз беру туралы банк шешім қабылдаған күні қамтамасыз етусіз қарыздар (бланкілік қарыздар) беруге тыйым салынады.

105. Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мөлшерден асатын қарыздар бойынша Банкпен ерекше қатынастармен байланысты қарыз алушының кредитордан қарызын қайта қаржыландыруға тыйым салынады.

106. Банк Банктің мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күніне (Банктің мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күніне банктің меншік капиталынан құны 10 (он) %-дан асатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталға қатысу үлесі мен акцияларды сатып алуы бойынша мәмілелерді қоспағанда) құны ҚР уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісімен белгіленген мөлшерден асатын және соңында келесілерге алып келетін мәмілені қандай да бір тұлғамен жасай алмайды:

- Банкпен ерекше қатынастағы байланысы бар тұлғаның алдындағы міндеттерге ақы төлеу;
- Банкпен ерекше қатынастағы байланысы бар тұлғаның қандай да бір мүлкін сатып алу;
- Банктің меншігінде орналасқан бағалы қағаздардан басқа, Банкпен ерекше қатынастағы байланысы бар эмитеттелген тұлғалардың бағалы қағаздарын сатып алу.

3-бөлім ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

107. Ереженің талаптарының, оның ішінде Шаралар жоспарының (Ережеге №3-қосымша) орындалуына/тиісті орындалу жауапкершілік Ережеде реттелетін процестерге қатысушы құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.


108. Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамаларына және Банктің ІНҚ-ға сәйкес шешілуі тиіс.

109. Банктің қызметкерлері клиенттерге қызмет көрсеткен кезде Қазақстан Республикасының заңнамаларын, Ережелерді және Банктің ІНҚ басшылыққа алуға міндетті.

 Евразийский Банк	ПР	-бет16 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша нөмірі	Қосымша атауы
№ 1 қосымша	Банк қызметтерін/операцияларын жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары
№ 2 қосымша	Алынып тасталды
№ 3 қосымша	Іс-шаралар жоспары

 Евразийский Банк	ПР	-бет17 17
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ПАРАҒЫ

№ р/с	Хаттама нөмірі	Хаттама күні	Күшіне енген күні	Өзгерістірге бастамашы
1	44	10.05.2018	11.07.2018	Қазынашылық және ALM департаменті, Корпоративтік блок
2	67	30.06.2018		
3	99	17.10.2018		
4	116	29.12.2018	11.01.2019	Қаржы блогының Қаржы департаменті
5	20	13.03.2019	09.04.2019	Қаржы блогының Қаржы департаменті
6	62	20.08.2019	11.09.2019	Қаржы блогының Қаржы департаменті
7	5	04.02.2020	25.02.2020	Қаржы блогының Қаржы департаменті
8	35	19.05.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
9	47	24.06.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
10	50	08.07.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
11	52	21.07.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
12	55	28.07.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
13	59	19.08.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
14	62	02.09.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
15	69	29.09.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
16	73	21.10.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
17	82	09.12.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
18	6	03.02.2021		Қаржы блогының Қаржы департаменті
19	8	12.02.2021		Қаржы блогының Қаржы департаменті
20	14	03.03.2021		Қаржы блогының Қаржы департаменті
21	24	28.04.2021		Қаржы блогының Қаржы департаменті
22	29	26.05.2021		Қаржы блогының Қаржы департаменті
23	37	07.07.2021	23.07.2021	Қаржы блогының Қаржы департаменті
24	53	22.09.2021	11.10.2021	Қаржы блогының Қаржы департаменті
25	65	03.11.2021	18.11.2021	Қаржы блогының Қаржы департаменті
26	19	25.03.2022	15.04.2022	Қаржы блогының Қаржы департаменті
27	40	01.06.2022	21.06.2022	Қаржы блогының Қаржы департаменті
28	49	05.07.2022	08.07.2022	Қаржы блогының Қаржы департаменті
29	3	18.01.2023	20.01.2023	Қаржы блогы / Қаржы департаменті
30	26	30.03.2023	04.04.2023	Қаржы блогы / Қаржы департаменті
31	67	09.08.2023	15.08.2023	Қаржы блогы / Қаржы департаменті
32	85	27.09.2023	09.10.2023	Қаржы блогы / Қаржы департаменті
33	4	17.01.2024	24.01.2024	Қаржы блогы / Қаржы департаменті